

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2024-2025 оқу жылы

бойынша атқарылған жұмысының есебі.

2024-2025 оқу жылындағы гуманитарлық бірлестіктің жоспар бойынша атқарылған жұмыстарының есебі.

а)Өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға талдау жасалды.

ә)2024-2025 оқу жылына арналған бірлестік жоспарын талқылап, бекітуге ұсынылды.

б)2024-2025 оқу жылында оқытудың ерекшеліктері туралы *әдістемелік хат* және *оқу бағдарламаларымен* таныстырылды;

г)Қабілеті жоғары, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары құрылды.

Қыркүйек айының 6-да «Қазақ тілі-тірегім» атты тақырыптық жиын өткізілді. Жиында іс-шара жоспарымен таныстырылды.

4-8-сыныптар арасында «Абай дара,Абай дана» оқырмандар сайысы өткізілді. Сайысқа үш топ қатысып,

1-орынды «Жігіттер» тобы,

2-орынды «Тек қана қыздар» тобы ,

3-орынды «Көше қырандары» иеленіп жүлделі орындармен марапатталды.

8-11-сыныптармен «Сәкен Сейфуллин аққан жұлдыз» парасаттылық сағатты кітапханашы өткізді.

«Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ әліпбиінің негізін қалаушы» тақырыбында барлық сыныптармен сынып сағаттары өткізілді.

«Тілі бірдің -туы бір» Жүргізушілер сайысы 5-9-сыныптар арасында болды.

1-орын 8-сынып оқушысы Оразғали Жанайым иеленді.

«Тіл-ұлттың жаны» Суреттер көрмесі 1-4-сыныптар арасында өткізілді.

Барлық сыныптар мақтау қағаздарымен марапатталды.

«Ана тілі-ардағым» тақырыбында (диктант) жазба жұмыстары алынды.

1.Аманжол Айқын

2.Ахметтула Әмина

3.Мухамедрахим Назира

4.Дулатова Алуа

Қазан айындағы отырыста ІІ-сынып жетекшісі Жиенбаева А.О.
«Ұлттық бірыңғай теске дайындық» тақырыбында баяндама жасады.

Қараша айында 1-тоқсанның қорытынды жазба жұмыстары алынды.

Әр сынып бойынша қазақ тілінен, орыс тілінен, ағылшын тілінен
тоқсандық қорытынды бағалар қойылып, пән мұғалімдерінің тоқсандық
есебі тапсырылды.

2-тоқсанның басында жоспар бойынша «Тіл мен тарих-ғасырлар куәсі» атты
апталық өткізілді.

**Гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына
арналған апталық жоспары
«Тіл мен тарих-ғасырлар куәсі»**

№	Өткізілетін шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	I отырыс 1. I-ӘБ-тің өткен жұмысының талдауы 2. ӘБ-тің 2024-2025 оқу жылына арналған басым бағыттары мен міндеттерімен, жоспарымен таныстыру. 3. 2024-25 оқу жылына арналған әдістемелің нұсқау хатын оқу, оқу бағдарламасымен танысу. 4. Бірлестік жоспарын бекіту. Күнтізбелік жоспарын бекіту. 5. Тілдер мерекесіне орай жоспарын бекіту. «Қазақ тілі -байлығым» атты онкүндік .	Қыркүйек	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері
2	1. Жас мұғалімдерге тәлімгер тағайындау. 2. Күнтізбелік тақырыптық жоспарын құруға көмектесу 3. Жас мұғалімдерге журнал толтыру талаптармен танысу 4. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл	Қазан	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері Кітапханашы: Каримова А.М Оспанова А.К
(3	II отырыс		
	1. I тоқсаның қорытындысы, БЖБ, ТЖБ, модерация жүргізу. 2. Үлгерімі төмен және қабілетті оқушылармен жұмыс жоспарын құру және бекіту.	Қараша	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдер Қазақ тілі пән мұғалімдері.

	3.ОЖСБ-ға және ҰБТ дайындық жұмысының жоспарын қарастыру және бекіту 4.Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл		Пән мұғалімдері.
4	1.Мектепшілік пәндік олимпиада өткізу,нәтежесі,аудандық олимпиадаға дайындық. 2.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу,ұсыныс,пікір. 3.Дәптерге қойылатын бірыңғай талаптардың орындалуын қадағалау. 4.«Тіл мен тарих-ғасырлар куәсі» атты ашық сабақ апталығын өткізу.	Желтоқсан	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдер
5	III отырыс 1.I жартыжылдықтың қортындысы 2.Пән бойынша қосымша сабақтардың өтілу барысы туралы мәлімет. 3. I жартылдық бойынша бақылау жұмыстарын алу,БЖБ,ТЖБ нәтижелерін талдау. Модерация жүргізу.	Қантар-Ақпан	
	IV отырыс 1.9-10 сынып оқушыларының ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындық тестілеу нәтижелерін байқау.	Наурыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
	V отырыс 9-11 сынып оқушыларының ОЖСБ-ға,ҰБТ-ға дайындық тестілеу нәтижелерін қорытындылау.	Сәуір	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
	1.Оқу бағдарламасының орындалуын тексеру, есеп беру. 2.Емтихан өткізетін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларының емтиханға дайындық жұмыстарын бақылау. 3.II жартыжылдық бойынша бақылау жұмыстарын алу, нәтижелерін талдау.	Мамыр	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері

	4.IV тоқсан, жылдық қорытындысының нәтижелерін диагностикалау.Былтырғы оқу жылының жылдық көрсеткіштерімен салыстыру. 5.ӘБ 2024-25 оқу жылындағы атқарған жұмыстарын талдау.		
--	--	--	--

I жартылдық бойынша бақылау жұмыстарын алынып, БЖБ,ТЖБ нәтижелері талқыланды.

Пән бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

Қаңтар,ақпан,наурыз айларында 9-11 сынып оқушыларының ОЖСБ-ға,ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жүргізіліп ,тестілеу нәтижелері қаралды.

IV тоқсан жылдық қорытындысының нәтижелері диагностикаланып,былтырғы оқу жылының жылдық көрсеткіштерімен салыстырылды.

5.ӘБ 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына талдау жасалды.

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі:  Кенжекеева А.Н

2024–2025 оқу жылындағы бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жылдық есебі

2024–2025 оқу жылында бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмысы ҚР Білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізілді. Бірлестік жұмысы білім сапасын арттыруға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға, оқушылардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етуге бағытталды.

1. Ұйымдастыру жұмыстары

- Тамыз айында ӘБ мүшелерінің жүктемесі нақтыланып, сапалық құрамы анықталды.
- Мұғалімдердің аттестациядан өту, курстарға жазылу жоспарлары жасалды.
- Бастауыш сынып кабинеттері жаңа оқу жылына толық дайындалды.
- ӘБ жоспары талқыланып, бекітілді.

2. Мектепшілік іс-шаралар

- Жыл бойы түрлі сыныптан тыс іс-шаралар, тәрбие сағаттары, сайыстар өткізілді.
- ӘБ отырыстары тоқсан сайын ұйымдастырылып, оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы талданды.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, мектеп өміріне қатысуға тартылды.

3. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс

- Мұғалімдер оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулық хаттар және бұйрықтармен танысты.
- Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар уақытылы құрылып, бекітілді.
- Әр мұғалімнің жеке жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

- Оқушылардың жеке іс-қағаздары реттеліп, толықтырылды.
- «Шығармашылық топ» құрылып, әдістемелік бағыттағы жұмыстар жүргізілді.

- «20 минуттық кітап оқу» жобасы жыл бойы жалғастырылды.
- Қараша айында 2–4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы тексерілді.
- Желтоқсанда бастауыш сынып апталығы өткізіліп, оқушылардың шығармашылығы дамытылды.
- Қаңтарда «Мұғалім біліктілігі қайтсе жоғарылайды?» атты дөңгелек үстел өтті.
- Ақпан айында оқушылардың жазу каллиграфиясы тексерілді.
- Наурызда «Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары» атты әдістемелік күн ұйымдастырылды.
- Оқушылардың білім сапасы тоқсан сайын мониторинг арқылы талданып отырды.
- Сәуір айында 4-сыныптан орта буынға сабақтастық жұмыстары жүргізілді.
- Жыл бойы дарынды, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі жүргізілді.
- Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тәжірибесі зерттеліп, таратылды.
- Үйірме жұмыстарының сапасы бақыланды.

5. ӘБ отырыстары мен есеп

- Әр тоқсан сайын мұғалімдердің білім сапасы бойынша есебі тыңдалды.
- Жыл соңында бірлестік жұмысына талдау жасалып, келесі оқу жылына ұсыныстар енгізілді.

Жаратылыстану пәндер бірлестігінің

2024-2025 оқу жылына арналған жылдық есебі

Қыркүйек айында 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Бірлестік жетекшілерінің отырысына қатысып, жаңа оқу жылының міндеттері айқындалды. Өткен оқу жылындағы жұмыстарға талдау жасалып, жетістіктер мен кемшіліктер анықталды.

Қазан айында бірлестік отырысында жылдық жоспармен барлық пән мұғалімдері таныстырылды. Дарынды оқушылар анықталып, оларға арналған жұмыс жоспары құрылды. Тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Қараша айында Ашық сабақтар, іс-тәжірибе алмасу ұйымдастырылды. Бірінші тоқсан қорытындысы талданып, оқушылардың білім сапасына сараптама жасалды. География, химия, биология пәндері бойынша зертханалық жұмыстардың өткізілуі тексерілді. Мектепшілік олимпиадаға дарынды оқушылар іріктелді.

Желтоқсан айында Екінші тоқсандық жиынтық бағалау қорытындыланды. Бірлестік оқушылары пәндік олимпиадаларға белсене қатысты. ҰБТ-ға дайындық барысы тексерілді.

Қаңтар айында бірінші жартыжылдық қорытындыланып, тоқсандық жұмыстарға сараптама жасалды. Жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасы талданды. ҰБТ-ға дайындық деңгейі қаралды.

Ақпан айында ҰБТ және ББЖМ-ға дайындық барысы бақылауда болды. Пән апталығы өткізіліп, оқушылар белсенді қатысты. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

Наурыз ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жүргізу жалғасты. Үшінші тоқсандық жиынтық бағалау өткізілді.

Сәуір сынама ҰБТ ұйымдастырылып, нәтижесі талданды. Төртінші тоқсандық жиынтық бағалау өткізілді. Оқушылардың білім сапасына сараптама жасалды.

Мамыр жылдық жұмыс қорытындыланды. Бірлестік отырысында жыл бойы атқарылған жұмыстарға талдау жасалып, келесі оқу жылына ұсыныстар берілді.

Қорытынды

2024-2025 оқу жылында Жаратылыстану пәндер бірлестігі жоспарға сәйкес жүйелі жұмыс атқарды. Мұғалімдер оқушылардың білім сапасын арттыруға, ғылыми-зертханалық дағдыларын дамытуға, олимпиадалар мен ҰБТ-ға сапалы дайындық жүргізуге көңіл бөлді. Жыл қорытындысы бойынша негізгі міндеттер орындалды, алдағы оқу жылында тәжірибелерді жетілдіру және жаңа әдістемелерді енгізу жоспарлануда.

Жетекшісі: Ахметбекова А.С.

